

Д.С. Раев^{1*} , А.Ә. Рыскиева² 

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

²Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Қазақстан, Алматы қ.

*e-mail: raev_53@mail.ru

ТІЛ – ЭТИКА-АНТРОПОГЕНДІК ФЕНОМЕН

«Тіл» ұғымы онтологиялық тұрғыда «адам» феноменіне негізделетін антропогендік күрделі әлеуетті жүйе. Тіл мен сөз адамның ішкі жан дүниесі тіршілігінің, жан аффектілерінің көріну этосы. Бұл мақала қоғамдағы тілдік мінездің моральдық қырларын ғылыми тұрғыда зерттеуге жол ашады деп айтуға болады. Біз мақалада Махмұт Қашқаридың: «Әдеп басы – тіл» деген моральдық тезисін негізге ала отырып, бұл концептінің мәнін тілдің антропогендік әрі этикалық құбылыс болу табиғатына рухани-моральдық құндылық тұрғыдан ғылыми теориялық талдау жасауға қадам жасаймыз. Мұнда тіл адамзаттың – әдебінің басы да, аяғы да болатынын теориялық философиялық тұрғыдан негіздеу мақсаты көзделеді. Осы ретте, алдымен, тілдің әдеп басы болуының онтогендік негіздерін анықтауға тырысамыз. Ол үшін: 1) тілдің антропогендік тамыры айқындалады; 2) тілдің іс-әрекеттік табиғаты анықталады; 3) тілдің мінездік болмысы мен қызметі дәйектеледі; 4) тілдің моральдық болмысына қатысты Шығыс және Батыс ойшыл-ғалымдарының нақыл сөздері мен көзқарастарына моральдық таным тұрғысынан герменевтикалық талдау жасалынады; 5) осыларға сүйене отырып, тілдің этика-моральдық құзыры дәлелденеді. Осының негізінде кез келген ел азаматын әдепті сөйлеуге уағыздау міндетін атқару өз парызымыз деп санаймыз.

Түйін сөздер: тіл, әдеп, мораль, этика, антропогенез, этикасофия.

D. Rayev^{1*}, A. Ryskiyeva²

¹Al Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

²Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak, Kazakhstan, Almaty

*e-mail: raev_53@mail.ru

Language as an ethical-anthropogenic phenomenon

In this article, based on the moral thesis of Mahmud Kashgari: "The beginning of morality is language", we take a step towards a scientific and theoretical analysis of the essence of this concept from the point of view of spiritual and moral values of the nature of language as an anthropogenic and ethical phenomenon. The goal is to substantiate on a philosophical and theoretical level that language is the beginning and end of human culture. In this regard, we, first of all, are trying to identify the ontogenetic platform of the ethical basis of language. For this: 1) anthropogenic branches of the language are determined; 2) the practical nature of the language is defined; 3) the nature and functions of the language are substantiated; 4) a hermeneutic analysis of the proverbs and views of Eastern and Western thinkers and scientists is carried out from the standpoint of moral knowledge in its close connection with the moral nature of the language; 5) on their basis the ethical and moral competence of the language is proved. Based on all of the above, we consider our duty to preach to every citizen the idea of a moral relationship to each other in the process of direct interconnections.

Key words: language, politeness, morality, ethics, anthropogenesis, ethicosophy.

Д.С. Раев^{1*}, А.А. Рыскиева²

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

²Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, Казахстан, г. Алматы

*e-mail: raev_53@mail.ru

Язык – этико-антропогенный феномен

Понятие «язык» – это сложная потенциальная антропогенная система, основанная на феномене «человек». Язык и речь – это этос проявления внутренней жизни человека, аффекта души. В данной статье, основываясь на моральном тезисе Махмуда Кашгари: «Начало морали – язык», авторы делают шаг к научно-теоретическому анализу сущности этой концепции с точки зрения духовных и нравственных ценностей природы языка как антропогенного и этического явления. Цель статьи состоит в том, чтобы на философско-теоретическом уровне обосновать,

что язык – это начало и конец человеческой культуры. В этом отношении мы, в первую очередь, пытаемся выявить онтогенетическую платформу этической основы языка. Для этого: 1) определяются антропогенные ветви языка; 2) определяется практическая природа языка; 3) обосновываются природа и функции языка; 4) проводится герменевтический анализ пословиц и взглядов восточных и западных мыслителей и ученых с позиции морального познания в его тесной связи с нравственной природой языка; 5) на их основе доказывается этическая и нравственная компетентность языка. На основе всего вышеуказанного авторы статьи считают своим долгом проповедовать каждому гражданину идею морального отношения друг к другу в процессе непосредственных взаимосвязей.

Ключевые слова: язык, нравственность, мораль, этика, антропогенез, этикасофия.

Кіріспе

Мәселенің өзектілігі Махмұт Қашқаридың: «Әдептің басы – тіл» (Қашқари, 1993: 39), – деген концептісіне байланысты өрбиді. Әсіресе тілдің этика-антропологиялық мәнін ашып, қазіргі кездегі әлеуметтік кеңістіктегі моральдық сипатына тоқталып, қоғам үшін маңыздылығын ашу мақсаты көзделеді. Бұл ретте осы бір моральдық әлеуметтік концепцияда ұлттық кодымыздың бірегей рухани негіздері жатқанына және ол ғылыми танымның негізі ретінде зор рөл атқаратынына зер салып, мақалада аталмыш моральдық тезауруста адамдағы тілдік әдептің онтогенеттік антропоцентристік сипат алатынын қарастыру мақсаты көзделеді.

Қазіргі таңда әлеуметтік қатынастағы адами тілдік мінез, тілдік моральдық кеңістік мәселесі қоғамдағы ең маңызды басқару ресурстарының біріне айналды. Бүгінгі техногендік өркениет заманында жеке тұлғаның тілдік мінезі, адамның тілдік әдеп әлеуеті, адамдардың эмоциялық интеллекті – қоғамның стратегиялық тұрғыдағы маңызды қуат көзі, қоғамның бар болуының әлеуметтік ресурсы, өмір сүру континуумы десек болады. Сондықтан, аталмыш мақалада қоғамдағы тілдік мінездің қалыптасуының онтогендік тамырларына теориялық-әдіснамалық, философиялық концептуалдық тұрғыда талдау жасалынады.

Осы тұрғыдан алғанда мақаланың міндетіне: 1) тілдің моральдық болмысына қатысты Шығыс және Батыс ойшыл-ғалымдарының нақылдары мен көзқарастарына негізделе отырып, тілдің онтостық тұрғыдағы антропогендік болмысын ашу; 2) тілдің адами іс-әрекеттік табиғатын анықтау; 3) тілдің мінездік болмысы мен әлеуметтік-этикалық қызметін дәйектеу; 4) қоғамның өзгеруі адамның тілдік мінезінің өзгеруіне тәуелді болу табиғатын айқындау; 5) оның қазақ интеллектуалдық мәдениетіндегі әмбебап мәнін және олардың терең рухани-этикалық әлеуетін ашып көрсету; 6) осыларға

сүйене отырып, тілдің этика-моральдық құзырын дәлелдеуді жатқызуга болады.

Қоғамдағы әр адамның өзін рухани тұрғыдан көрсетуі – философиялық тұрғыда әлеуметтік моральдық универсум және ондағы әмбебап моральдық уникалдың өзіндік ашылу формасы. Демек кез келген жалпыға ортақ универсалилердің адамдардың жеке мінез-тәжірибесінде көрініс табуы арқылы ашылуы әлеуметтік-этикалық рефлексияны қажет ететіні заңды құбылыс. Сондықтан өзіміздің шағын мақаламыз шеңберінде қоғамдағы моральдық уақыт пен моральдық кеңістікті тілдің әдептік болмысы арқылы талдауға қадам жасаймыз. Осыған байланысты мәселенің бүгінгі мен келешегіне көз жүгіртуге мүмкіндік туады, оның маңыздылығы арта түседі, оны одан әрі зерттеуге жол ашылады.

Зерттеу әдіснамасы

Тілдің этика-антропогендік бастауларын талдау ғылыми мақала аясындағы зерттеудің теориялық-әдіснамалық негізін құрады. Мұның мәні тіл мен сөздің онтологиялық тұрғыда әрі антропогендік, әрі мінездік: «тіл – мінез» концептін түзуі, әрі этикасофиялық тұрпат алуы, әрі тіл – әдептік құбылыс ретінде мойындалуында болды. Сайып келгенде, тілдің әдептік рухани-құндылықтық болмысын ашу мақсатының көзделуі зерттеудің әдіснамалық көзі. Осыдан келіп жұмыста онтологиялық, антропологиялық, аксиологиялық, өзектендіру, концептуалды талдау, герменевтикалық, жүйелеу, әмбебаптандыру әдістері қолданылады.

Адамның әлеуметтік тілдік мінезінің философиялық мәнін ашу үшін ең алдымен, тілдің антропогендік мәнін ашуда антропологиялық талдау әдісі қолданылады. Өйткені, «тіл» ұғымы онтостық тұрғыда «адам» феноменіне негізделетін антропогендік күрделі әлеуетті жүйе ретінде мойындалады. Сонымен бірге, тіл – мінездік құбылыс ретінде мақұлданып, қоғамның

этикаорталықтық сипатын ашуда әдептік-құндылықтық талдау әдісі алғаш рет ғылыми айналымға енгізіледі.

Тілдің әлеуметтік мінездік болмысын әлеуеті өзекті антропоконтинуум алғаш рет ғылыми айналымда көрсету барысында әдептік детерминизм принципі қолданысқа енеді. Осы тұста Әл-Фарабидің (Әл-Фараби, 2007), Ж. Баласағұнның (Баласағұн, 2006), М. Қашқаридың (Қашқари, 1992), Ш. Құдайбердіұлының (Құдайбердіұлы, 2008), Э. Кеннидің (Кенну, 2019), Р. Хесстің (Hess, 1995), С. Негимовтің (Негимов, 1997), Д.С. Раевтың (Раев, 2011) тіл және тілдік әдепке қатысты ғылыми теориялық-әдіснамалық тұжырымдары мен өсиет нақылдары басшылыққа алынды. Мәселеге қатысты ұғымдық семантикалық когнитивика, тарихи-логикалық, контентталдау, эпистолярлық сияқты әдістер де орын алады.

Негізгі бөлім

Бұл тұста біз, ең алдымен, адам мен тілдің онтогендік тұтастығын қарастыруға тырысамыз. Әлемдік адамтану ілімінің мойындауынша, адам мен тілді бір бүтін, тұтас жаратылыс ретінде қарастыру қалыптасқаны белгілі. Бұл принципті – аксиома ұстаным. Олай болса, адам – тілімен, сөзімен бар бола алады. Осы ойды алаш қайраткерлері, этнолингвотанушылары М. Жұмабайұлының «...адамның толықмағынасы мен адам аталуы тіл арқасында» (Шүкірұлы, 2009: 241), – деуі, А. Байтұрсынұлының: «Тіл – адамның адамдық бейнесінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі» (Зәңгіров, 2015: 35), – деп айтқандарымен әрі Тонькөктің: «Ақыл иесі – сөз иесі» (Шаймерденұлы, 2008: 10), – деген онтостық тұғырнамасымен дәлелдеуге болады. Витгенштейннің айтуынша, «тілдің бар болуы қоғамдық және әлеуметтік әлемнің бар болуына тікелей тәуелді екенін білдіреді» (Кенну, 2019: 189). Ж. Аймауытұлының: «Ана тілі – халық болып жасалғаннан бері жан дүниесінің айнасы, өсіп-өніп, түрлене беретін мәңгі құламайтын бәйтерегі» (Зәңгіров, 2015: 46) және Х. Досмұхамедұлының: «Тілінен айырылған жұрт – жойылған жұрт» (Зәңгіров, 2015: 103), – дегендері соның дәлелі болса керек. Олай болса, осыдан тілдің бар болуы адамның бар болуын білдірмек, ал адамның бар болуы тілдің бар болуының кепілі дейтін ғылыми теориялық әрі әдіснамалық парадигма келіп шығады. Тіл – адамның жаратылыстық болмысының құрамдас бөлігі, рухани тектік атрибуты әрі субстанциясы.

Демек, тіл – ол адамның табиғи әрі рухани нәрқорегі. Мысалы, XI ғасырдағы шығыс даналығы тарихындағы әйгілі шығарма «Қабуснамада» Алла тағала бүкіл әлем жаратылыстарына өзінің күдірет күші арқылы белгілі бір қадір-қасиет, түр-тұлға, сипат дарытқанын, Жаратушы адамзатына жануарлардан өзге он түрлі қасиет бергенін, оның бесеуі тәнге, бесеуі ішкі жан дүниесіне қатысты болғанын айта келіп, «Ей, перзентім, есінде болсын» адамға, «Көру үшін көз, сөйлеу үшін сөз, ойланып пайымдау үшін ақыл-ес берді» (Қайқаус, 1992: 13, 20), – дейді.

Х. Досмұхамедұлы: «Тіл – жұрттың жаны» (Шүкірұлы, 2009: 142), – десе, Әл-Фарабидің пікірінше сөз адам «жанының парасатты бөлігі» (Әл-Фараби, 4-том, 2007: 141), ал Мағжан Жұмабайұлы пайымында, сөз адам жанының жайын жарыққа шығару жолы мен құралының бірі болып саналған (Шүкірұлы, 2009: 241). Томас Гоббс: «Тілден тыс ақиқат та, жалған да болмас еді. Өйткені «ақиқат» пен «жалған» – сөздің атрибуттары» (Russell, 2020: 337), – деп түйіндейді. Демек, бұл айтылғандарда тілдің жанмен, жан аффектілерімен және ақиқатпен тамырластырылуы тіл мен сөз адамның іс-қимылдық актісінің нәтижесі болатынын айқындап тұрғаны анық. Сондықтан, бұл келтірілген ойтұжырымдар сөздің антропотектік табиғатын онтостық тұрғыда теориялық-әдіснамалық контексте негіздеп тұрса керек. Бұл тұжырымдардан тіл мен сөз онтогендік тұрғыда іштей кіріккен адамның бар болуын білдіретін атрибуттарының қос қасиеті. М. Қашқаридың: «Ақыл-ойдың көркі – тіл, тілдің көркі – сөз» (Түркістан газеті, 24.12.2015) немесе А. Үйгінекидің: «Тіл мен жақтың көркі – сөз» (Шаймерденұлы, 2008: 38), – дегені соның дәлелі. Сонымен бірге, осылардың бәрінің негізінде – ақыл жатқанын көреміз. Мәселен, Қайқаус: «Бұлардың бәрінің негізі – ақыл», – дей келіп, «...Тән – жанмен, жан – деммен, дем – ақылмен тірі. Әрбір тірі адам жансыз емес, жаны бар адам демсіз емес, демі бар адам ақыл-ойсыз емес» (Қайқаус, 1992: 151), – деген онтогендік көзқарасты білдіреді.

Ендігі бір айта кететін жағдай – ол тіл мен сөз адамзатының тіршілік құралының қос бірлігі болатыны жөніндегі ілім. Мәселен, Реми Хесс: «Адамның бар болуы – Табиғаттағы барша тіршіліктің бір бөлігі. ...Ол жан мен тәннің уақытша бірлігі. ...Ол тұтастыққа тәуелді. Осы тәуелділікті түсіну үшін, дұрысы, адам тіршілігінің мәнін анықтаған жөн» (Hess, 2019: 100), – деп көрсетеді. Витгенштейннің пікірінше, «... тіл әлеуметтік іс-әрекетке» кіріктірілген бо-

лып саналады (Kenny, 2019: 185). Олай болса, тіл мен сөз адамзатының тіршілік кеңістігін құраушы элементтері, адамның сол кеңістікте бар болуының көріну формасы. Әл-Фараби: «Сөз» деген атау ...тіл арқылы пікір айтуды ...көрсетеді. Адамның дүние тануына жағдай жасайтын нәрсені және «парасат» деген нәрсені ежелгі адамдар «сөз» деп атаған» (Әл-Фараби, 4-том, 2007: 140). Ж. Баласағұнның: «Тіл – білім мен ақыл-ойдың тілмашы» (Баласағұн, 2004: 30) және оның «Жақсылардың ісін өсекшілер бұзады» (Шаймерденұлы, 2008: 25), – дегені тіл мен сөздің іс-әрекеттік болмысын айқындап, дәйектей түседі. Тіл мен сөз адамның ішкі жан дүниесі тіршілігінің, жан аффектілерінің көріну этосы. Олар – жанның тіршілік ету субстраттары. Демек, тіл мен сөз – адамға тән тіршіліктік, іс-әрекеттік құбылыс болатыны анық.

Сонымен бірге, тіл мен сөз адамның мінездік әрекет позициясын анықтап көрсетіп отыратын онтогендік феномен континуум. Олар адамның аффектілік (эмоциялық) болмысын белгілейтін уникум құбылыс деген ұстанымға келеміз. Осы ретте, Серік Негимовтің: «Ойлау мен тіл тамырлас» (Негимов, 1977: 22), – деген көзқарасын мақұлдай отырып, тіл ойлаудың нәзік қырларын, тұрмыс-тіршілік пен адам мінез-құлқының сырларын өзіне жасырып жататын адами қарым-қабілет. Демек, «тіл – ...халықтың өмір сүру тәсілінің, әдеп-ғұрпының, дәстүрінің, мінезінің, жалпы болмысының көрінісі» (Философиялық энциклопедиялық сөздік, 2013: 484), – деп көрсетіледі. Әл-Фараби: «Әрбір адам... өз өмірінің басынан-ақ жаратылысында қабілетті болады, соның арқасында оның әрекеттері, жан аффектілері және ақыл-парасаты тиісінше жақсы болады немесе тиісінше жақсы болмай шығады. Осы қабілеттің арқасында адам тамаша да, оңбаған да әрекеттер жасайды» (Әл-Фараби, 4-том, 2007: 126), – десе, енді бірде: «Мұның себебі мынада: адамда тамаша әрекет жасауға да, оңбаған әрекет жасауға да әуел бастан мүмкін қабілет бар. Дәл осы қабілеттің арқасында ол жақсы да, жаман да ақыл-парасатқа ие болады. Нақ осы сияқты, бұл қабілеттер жан аффектілеріне әсер етеді» (Әл-Фараби, 4-том, 2007: 127), – деп келтіреді. Бұл айтылғандардан тіл мен сөз адамның жағымды да, жағымсыз да мінезінің тасымалдаушы әрі көріну формасы немесе олардың іске асырылу құралы болатыны табиғи заңдылық. Оған Анақарыстың (Анахарсис) «Жақсылық та – тілден, жамандық та – тілден» (Шаймерденұлы, 2008: 7) және халық даналығындағы: «Он

бәленің тоғызы тілден», Жиренше шешеннің: «Басқа бәле – тілден» (Шаймерденұлы, 2008: 44), – деген афоризмдері дәлел. Сондай-ақ, Ахмет Үйгінекидің: «Ойлы сөз – ұтқыр, ойсыз сөз – жұтқыр» (Шаймерденұлы, 2008: 38), Ж. Баласағұнның: «Жақсы сөз ой-көңілді идіреді, қыңыр сөз – ол кісіні күйдіреді» (Баласағұн, 2004: 93), – деп келтіретін ойлар легі бізді Абайдың: «Тіл өнері дертпен тең» (Шаймерденұлы, 2008: 120), А. Үйгінекидің: «Адам істерінің астарында ажал бұғып жатады» (Шаймерденұлы, 2008: 38), – деген тұжырымдарға жығылдырады. Мұны біздің зерттеу объектіміз контекстінде алсақ, жалпы тілдің астарында адамға тән ғанибет те, қасірет те жасырынатыны зайыр. Осыдан тіл – іс-әрекеттік мінездік құбылыс деген тұжырымға келуге әбден болады.

Осыдан келіп, Әл-Фараби: «Тамаша немесе оңбаған әрекеттер мен жан аффектілерін тудыратын күйдің түрін *мінез-құлық* деп атайды. Мінез-құлықтың арқасында адам оңбаған да, тамаша да әрекеттер жасайды» (Әл-Фараби, 4-том, 2007: 127), – деп көрсетеді. Әл-Фарабидің пікірінше, адамның (жақсы, жаман) мінез-құлқының бастамасы «оның өзінің жаратылысына біткен потенциясында болуы мүмкін», ал осының негізінде туындаған адам «әрекеті ...актуалды түрде болады» (Әл-Фараби, 4-том, 2007: 129), – десе, енді бірде адам мінезі нормаларындағы шекті тұстарды, жақсы мінездің жаман мінезге ауысып кету шегін қозғай келіп, «жаратылысымыз бойынша өзіміздің бейімдірек тұратындарымыз бар болғандықтан біз бұлардан сақтануымыз керек. ...Қатерлі істің тұсында батылдығымыз жетпей қалушылық, жаратылысымызда өзіміз бейім тұратын сарандық бұған мысал бола алады» (Әл-Фараби, 4-том, 2007: 134), – дейді. Майқы бидің, «сараң үйге кісің түспесін, паракор биге ісің түспесін», «Сараңнан бермес туады» (Қорабай, 2016: 4), – деп айтқаны сондықтан болар. Мұндағы басты мәселе адамдағы табиғи қасиеттердің оң да, теріс те жақтарының кейде тең түсіп, кейде бір жағының басым түсуінің мүмкіндігінде. Бұл діни ілім бойынша, «адамның бойында 999 жақсы қасиеттің 999 жаман сыңары бар» (Сағындықұлы, 1997: 29), – деген ұстанымға негізделетіні анық. Мінездің құбылып отыруы біздің пікірімізше адамдағы нәпсінің қалауына тәуелді болуында, оң да, теріс те әрекеттің жасалуы нәпсінің ерік-қалау құзырында болатыны объективті адами үдеріс (Раев, 2011). Оған Бәйдібек бидің: «...Тілге кісен салуға болмас» (Шаймерденұлы, 2008: 51) немесе Иасауидің: «Нәпсім үшін жүрер едім иттей кезіп, заты

ұлық ием, сиынып келдім саған», «Дүниеқоңыз, пасықтардан бойынды тый...» (Иасауи, 1993: 18, 31), – деп айтқандары дәлел. Бұлар жоғарыда келтірілген көзқарастарды дәлелді түрде бекіте түседі. Бұдан біріншіден, адам мінезі тілдік актілер арқылы көрініс табатыны константты құбылыс, екіншіден, адамның жаратылысынан жақсы және жаман тілдік мінезге бейім болуы онтогендік құбылыс болатыны анық, үшіншіден адамның тілдік мінезі әр кезде актуалды құбылыс болады дейтін ой қорытындылауға негіз бар. Сонымен бірге, адамдағы тілдік мінездің жағымдысы да, жағымсызы да жүре қалыптасады және адамның, қоғамның өркениетті дамуы оның тілдік мінезінің жетілуіне тәуелді болады деуге болады. Мысалы, Фараби: «Біз мінез-құлық сапаларының абзалы да, онбағаны да жүре-тұра пайда болады дейміз» (Әл-Фараби, 4-том, 2007: 128), – десе, тағы бірде: «Адамның жетілуі оның мінез-құлықның жетілуіне саймаса келеді дейміз біз» (Әл-Фараби, 4-том, 2007: 129), – деген тұжырым жасайды. Осыдан келіп, Әл-Фараби: «Мінез – жанның айнасы» (Шаймерденұлы, 2008: 19), – дей келіп, «Мінез-құлық міні – рухани кеселге жатады» (Шаймерденұлы, 2008: 17), – деген әдептік танымға баса назар аударуға шақырады. Ал бұдан Ахмет Байтұрсынұлының: «Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдығанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түйгенін түйгенінше айтуға жараяу» (Зәңгіров, 2015: 35), – деген ұстанымы келіп шығары хақ.

Осы тұста тілдік мінездің қалыптасуына негіз болатын рухани фактордың бірі – *әдеттік* қасиет немесе адамның әдеттену, дағдылану қабілеті деуге болады. Фарабидің айтуынша, адамның бір мінез-құлықтан басқа бір мінез-құлыққа ауысуына себепші болатын нәрсе әдет болады (Әл-Фараби, 4-том, 2007: 128). Демек, Фараби жақсы мінездің де, жаман мінездің де әдеттен туындайтынын мойындайды. Осы жөнінде ол: «Адамда белгілі бір мінез-құлықтың қалыптасып шығуы үшін оның тиісті әрекеттер жасауға әдеттенуі қажет. Мінез-құлықтың әдеттен туатынына, сен, дәлелді қалаларда болып жататын істерден көресің» (Әл-Фараби, 4-том, 2007: 129), – деп жазады. Фараби: «Ал әдет деп белгілі бір әрекеттің жиі-жиі және ұзақ уақыт қайталануын айтамын» (Әл-Фараби, 4-том, 2007: 128), – дейді, яғни «...Өздері жаман адам болғандықтан, бұлардың іс-әрекеті жан дүниесіне де жаман әдет жұқтырады» (Әл-Фараби, 4-том, 2007: 104), – дегенге келеді. Фарабидің көзқарасы бойынша, «...сөйтіп кімде-кім осындай әрекетін неғұрлым

көбірек қайталайтын болса, оның рухани халі соғұрлым нашарлай түседі де олардың жан жүйесі дертке шалдығады» (Әл-Фараби, 4-том, 2007: 104). Қайқаустың: «Падиша үшін ең жаман іс – халықтың әдепсіздігі» (Қайқаус, 1992: 141), – дей келіп, өз перзентіне: «Адамзаттың ең абзал қасиетінің бірі – сөз сөйлей білу. Бұл жағдайды жете түсін де, жақсы сөйлей білуге үйрен, сыпайы ...сөйлеуді әдет қылғайсың. Өйткені қандай сөзді айтуды әдеттенсең тіл соны айтады» (Қайқаус, 1992: 20-21), – дегені міне, сондықтан болар. Сонымен *әдет* – адамның тілдік мінезінің әдептілік немесе әдепсіздік шеңберде қалыптасу этосы деп айтуға негіз бар.

Осыдан келіп тілдің этикалық-моральдық астары туралы мәселе туындайды. Р. Мизрахи: «Этиканың жүйесі – осы сөздің тура және заманауи мағынасында экзистенция жүйесі, яғни тіршілік» (Hess, 2019: 97), – десе, Реми Хесс: «Этика» адамға қатысты атрибуттарды ғана зерттеуге арналған» (Hess, 2019: 99), – дейді. Ал Спиноза: «Этика дегеніміз – қисынды сөз, оның жүйесінің өзі жанды философия. Ол сөйлеуге де, тыңдауға да қабілетті адамдарға арналған...» (Hess, 2019: 96-97), – деген ұстанымда болады. Бұл келтірілген көзқарастардан туындайтын ойларды, біріншіден, тіл – адамның тіршіліктік (экзистенциялық) үдерісінің көрінісі, екіншіден, тіл – адамның тіршіліктегі іс-қимылын ментальдық-әдептік аяға тоғыстыратын этикалық феномен, үшіншіден, тіл – адам мінезінің рухани-мәдени деңгейін анықтайтын моральдық құндылық деген тұжырымдарға тоғыстыруға болады. Осы ретте Витгенштейннің «тілді түсіну – ...белгілі бір күй іспеттес; бірақ біз бұл күйді белгілі бір жасырын ментальды механизм ретінде ойлауымыз керек» (Kennу, 2019: 186), – деген көзқарасымен келісуге әбден болады. Ахмет Үйгінекидің: «Әдептің басы – байқап сөйлеу» (Шаймерденұлы, 2008: 38), – деп айтуының мәнісі осында болар.

Енді осы тіл әдебіне келер болса, тіл арқылы көрініс табатын сөздің әдептен аспауын талап ететін мұсылмандық мораль жүйесін аңғару қиын емес. Мәселен, Жәбир ибн Абдуллаһ жеткізген хадисте: «Аллаһ елшісі «Расында, мен үшін ең сүйіктілерің, әрі қиямет күні маған ең жақын болатындарың – мінез-құлқы ең көркем болғандар. Сондай-ақ, мен үшін ең жеккөрініштілерің, әрі қиямет күні менен ең алыс болатындарың – көп сөйлейтін мылжыңдар, ділмәрсіп аузын көшіртіп сөйлейтін лепірма мақтаншақтар және басынан сөз асырмайтын тәкаппар сөзшеңдер – деп айтты» (Мұхиддин

Әбу, 2014: 613), – делінген исламдық әдептік насихат талабы айтылады. Мұндағы тіл әдебіне қатысты басты идея тілдік мінезді жақсыға бастап баулитын діни мұсылмандық әдеп доктринасы деп айтуға болады. Сонымен тілдік мінез әдебі адамның өмір тіршілігімен бірге жылжып, жетіліп отыратын рухани-моральдық болмысы, моральдық өлшем аясы мен мөлшері. Сондықтан біз «әдептілік пен ізгілік – адам көркі» (Раев, 2011: 196), – деген ұстанымға сүйене отырып, тіл әдебі тек адамзатына ғана тән онтоксиологиялық құбылыс деген тоқтамға келеміз. Мәселен, Қайқаус өз перзентіне: «Сөзді өз орнымен сөйле. ...Орынсыз айтылған артық сөз опық жегізеді. ...Жақсы сөз жан азығы, жақсы сөзге сараң болма. ...Сыпайы, жақсы сөз айтсаң, сен де жақсы сөз есітесің» (Қайқаус, 1992: 21), – деген өсиет қалдырған. Ал Төле бидің сөз жөніндегі көзқарасын мына диалогтан көруге болады. «...Біреу Төлені сынамаққа «Жақсы-жаманды қайтып білеміз?» – дегенде, Төле: «Сөзінен білсе болады?» – деген. – Жаманның сөзі шаяндай, жақсының сөзі асылдан шыққан қаядай, екі жақсы қосылса, жарысқан аттай болады, бір жақсы, бір жаман қосылса, ала жаулы иттей, екі жаман қосылса, ырылдасқан иттей болады» (Бабалар сөзі, 2010: 29), – деген екен. Олай болса, Ахмет Үйгінекидің: «Өзің өкінер сөз айтып, өзің өкінер іс істеме» (Шаймерденұлы, 2008: 37), – деген әдептік қаидасының сыры сонда болар. XX ғасырдың мемлекет және қоғам қайраткері Өзбекәлі Жәнібековтің «...ұлттың ұлылығы, ең алдымен, оның ...атадан қалған қанатты қазынасы – тілінен, өнегесі өрісі болатын тұрмыс-салтынан, әдет-ғұрпынан... көрінеді екен» (Зәңгіров, 2015: 138-139), – дегені сондықтан болар.

Осыдан тіл – үлкен рухани-моральдық күдіретті күш дейтін концептіні алға тартуға болады. Адамның басқа дене мүшелерінің өрісі, ауқымдылығы шектеулі. Құлақ тек естиді, көз тек қана көреді. Ал тілдің өрісі өте кең. Ол адамды жақсылық пен жамандыққа және жұмақ пен жаһаннамға да жетелеуі әбден мүмкін. Мысалы, Хузәйфа жеткізген хадисте: «Аллаһ елшісі «Өсекші жаннатқа кірмейді», – деп айтты» (Мұхиддин Әбу, 2014: 554), – деген кесімді талап айтылса, Али ибн Хатимен жеткен хадисте: «Тозақ отынан жарты құрмамен, оны да таба алмасаңдар, бір ауыз жылы сөзбен болса да сақтаныңдар» (Мұхиддин Әбу, 2014: 300), – деген исламдық өсиет айтылады. Тілдің көлемі кіші, зардабы үлкен дейді халқымыз. Қазақ халқының көнеден келе жатқан әдеп-салтында,

этикалық мәнерінде тіл, яғни, сөйлеу ерекше орын алады. Мысалы, М. Қашқари: «Ерен ерлік тілде туады» (Түркістан газеті, 24.12. 2015), – десе, Ж. Баласағұн: «Тіл – қылыштан да өткір» (Шаймерденұлы, 2008: 26) немесе Тоқсары: «Қызыл сөзге салыну – қызған отқа қарылу» (Шаймерденұлы, 2008: 9), – деп тілдің моральдық құзырының зор болатынын көрегендікпен мойындайды. Сол сияқты қазақ халқы даналығында да тіл туралы «Тіл тас жарады, тас жармаса бас жарады», «Ең ащы да – тіл, ең тәтті де – тіл» деген мақалдар күні бүгінге дейін қоғам мен отбасы зиялық тәрбиесінде тілдік мінез өзекті мәселе деп қаралады. Сондықтан болар адамның бойындағы ең күшті бұлшық етінің – тіл (Алматы ақшамы, 13.02.2018) болуы. Ал Майлықожа: «Тіл – өткір найза» (Шаймерденұлы, 2008: 92), – десе, А. Үйгінеки: «Оқ жарасы жазылар, тіл жарасы жазылмас» (Шаймерденұлы, 2008: 38) немесе ол: «Тіліңді тый – тісің сынбайды» (Шаймерденұлы, 2008: 38), – деп толғайды. Олай болса, Ж. Аймауытұлы айтқанындай, тіл «жүректің терең сырларын, ...жанның барлық толқындарын ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп сақтап отыратын қазына» (Зәңгіров, 2015: 46), адамға тән күдіретті де әлеуетті рухани күш болатыны анық.

Мұсылмандық қағида бойынша, адамның иманды немесе имансыз болуы ауыздан шығатын сөздеріне байланысты болған. Мәселен, Имам Ағзам Әбу Ханифа «Фихрул Әкбәрда»: «Иман тілмен айту (иқрар), жүреппен қуаттау (тасдиқ)» (Имам Ағзам Әбу, 2000: 14), – деп түйіндейді. Иман – оң мінез көрсету шарты. «Иман келтіру – Алла тағалаға жақын болудың белгісі» (Қайқаус, 1992: 15), – дейді Қайқаус. Демек, адамдағы адамгершілікті ізгі мінездерді ислам тілмен айтылатын сөз әдебіне тәуелдендіреді. Иман әдепті тілдік мінездің – табиғи шарты болмақ. Имандылық пен әдептілік тілдік мінезге тоғыстырылады. Бұл мұсылмандық этикадағы адамгершілікке тәрбиелеудің теңдесі жоқ моральдық тұғырнама үлгісі деуге болады. Дулат Бабатайұлының: «Иман – жанның сапасы» (Шаймерденұлы, 2008: 87), – дейтіні міне, сондықтан болар.

Орта ғасырлық ойшылдар өздерінің рухани мұраларында халық арасына осыдан мың жылдай бұрын кең тараған тіл мен сөз туралы мақал-мәтелдер, афоризмдер мен нақылдарында тіл және сөйлеу әдебін жан-жақты және терең айта білген. Олардың тіл мен сөз әдебі мен мәдениеті туралы өсиет нақылдары тәрбиелік те, мәдениеттік те, әдептік және этика-моральдық

тұрғыдан әлі күнге дейін өзекті деп білеміз. Ұтымды айтылып, қысқа қайырылатын даналық сөздер адамның санғасырлық өмір тәжірибесінен туатыны мәлім. Мақал мен мәтелге айналып кеткен ғибрат сөздер – өмірдің қыры мен сырына әбден қанығып жасалған қорытынды пікірлер ретінде қабылданады. Солардың кейбіреулеріне тоқталсақ, Ж. Баласағұн өзінің «Құтты білік» еңбегінде: «Тіл қадірлі етер, ерге бақ қонар, Қор қылар тіл, кететұғын бас болар, Тіл – арыстан есік баққан ашулы, сақ болмасаң, жұтар ерім, басыңды. Тілімнен көп жапа шектім, есебім: Бас кесілмес үшін тілді кесемін. Сөзінді бақ, басың кесіп алмасын, тіліңді бақ – сонда басың сақталар» (Баласағұн, 2004: 30-31), – деп адам өзімен бірге тілін бақылауда ұстап білуі қажет дейді. Өйткені басқа қиянат тілден. Адам басына бақыт та алып келер де, әкетер де тіл. Береке мен жапа да тілден дейді ол. Ш. Құдайбердіұлының: «Сөзінді түзе – әдетіңе айналады, әдетің – мінезіңе айналады, мінезің – сенің тағдырың» (Алаш ұлағаты, 2017: 112), – деген сөзінде үлкен мағына, тәрбие, өнеге жатқаны сондықтан болар.

Шындығында да кейде айтқан бір ауыз жылы сөз жанды жылытып, бақытқа бөлейтініндей, бір ауыз ауыр сөз адам жанын кез келген ауыр жарақаттан да артық жара салатыны анық. Айталық, Фарабидің пікірінше, «сұлу сөз жан семіртеді» (Шаймерденұлы, 2008: 19), М. Қашқари: «Ақылды сөз – алтын табаққа жеткізер» (Қашқари, 1993: 54), – десе, А. Үйгінеки: «Есепті сөз – ер сөзінің асылы» (Шаймерденұлы, 2008: 38), – деген әдептік қағиданы ұсынады. Сүйінбай Аронұлы: «Жақсы жігіт сөзіне сақ тұрады» (Шаймерденұлы, 2008: 90), – деген тілдік мінез әдебінің экзистенциясын тілге тиек етсе, Абай: «Тіл жүректің айтқанына көнсе, жалған шықпайды» (Шаймерденұлы, 2008: 104), – деген тілдік мінезге байланған рухани әдептік континуум аксиомадан хабардар етеді. Ал осыларға кері моральдық дихотомияны атайтын болсақ, Шалкиіз қырау: «Жаманның жалаңдаған тілі жау» (Шаймерденұлы, 2008: 55), – десе, Д. Бабатайұлы: «Кей жаманның тілі бар – ашылығы умен тең, айтқан сөзі ақымақтың – адам ішпес сумен тең» (Шаймерденұлы, 2008: 89), – дейді. Сондықтан, Ж. Баласағұн: «Саулық тілеп, табыс күтсең ісіңнен, жарамайтын сөз шығарма тісіңнен» (Баласағұн, 2004: 30), – деген әдеп қағидасын ұсынады. Ескелді биді тындасақ: «Қас та, дұшпан да, дос та адамның өзінен. Жүрегің жұмсақ, пейілің кең болса, дос

көп. ...Тіл – адамның әрі досы, әрі дұшпаны. Парасатты сөз айтсаң, біреуге жақсылық тілесен, жан-жағың жарқырап жүреді, байқамай, ағат сөз айтсаң – жан-жағың жабыла шағатын жыланшаянға толады» (Тарихи тұлғалар, 2006: 132), – дейді. Міне бұлар тіл әдебі деген универсум түсінікке бәрін сыйғызуға тырысқан. Ал біз жақсы адам болғыңыз келсе тіл мен сөзге әдепті бол дегіміз келеді.

Осы ойды Ж. Баласағұнның нақылдарымен айтар болсақ, ол: «Бұлай болса, тең ортасы – керегің, тілге ұстамды болсаң, өсер беделің! Тіліңді бақ, басың аман болады, сөзді қысқа айт, жасың ұзақ болады» (Баласағұн, 2004: 32), – деп адам кез келген ортада дұрыс сөйлеу білуі қажет дегенді меңзейді. Орнымен қолданылған сөз адамдарды иландырып та, көңілін де аулауға себеп болмақ. Сөйлеушінің беделін де арттырары сөзсіз. Сөзді дұрыс қолданған адам өзіне де, өзгеге де сыйлы. Осыған орай, Ш. Құдайбердіұлы сөйлетсек: «Жылы жүрек, тәтті тіл берекені берер біл. Ашы сөзді – өзімшіл, өнері оның қалар тұл» (Құдайбердіұлы, 1988: 147), – деген әдептік қатал шешіммен сөйлеушінің беделін сөзіне қарай өлшену принципін ұсынады. Ж. Баласағұн: «Бердің, Тәңірім, тілге бізге сөйле деп, тура жолға тілді баста ылайым!» (Баласағұн, 2004: 36), – дей келе, адамға жаратушы басқа тіршілік иелерінен жоғары санап, тіл деген ұлы құдіретті күшті сыйлағанынан хабар береді. Ендігі мәселе тілім бар деп, орынсыз сөйлеп, ойға келгенді айтпау, яғни ойламай сөйлемеу мәселесі айтылады. Ойланып сөйлегеннің алар табысы мен жегістігі мол деген идея билігіне жетелейді. Енді бірде ойшыл өз шығармасында: «Дүние тез өтеді, сөз мәңгілік қалады» (Баласағұн, 2004: 41), – деп Ж. Баласағұн жалған өмір өтеді деп, ал адам перзентін ұлықтап, кейінгі ұрпаққа атын қалдырар сөздің еншісінде болатынын айтпақ болады. М. Қашқаридың: «Тәрбие басы – тіл» (Қашқари, 1993: 52), – деп айтуының басты себебі осында болса керек. Айтылған ұлы сөздің келесі ұрпаққа берер тәрбиесі мен тағылымы мол, үйретері көп болуы да мүмкін.

Осыдан тәрбиенің басына тілді қойып көрсек, бұл тұрғыда да ғұламаларымыздың айтары мол болғанына куә боламыз. Ж. Баласағұн еңбегінің бір тарауындағы тілдің маңызы турасында мынандай өнеге сөздерінде: «Тіл адамды көкке көтереді, сол арқылы ол бақытқа жетеді. Сондай-ақ адам өз тілінен жаза да тартады, басын да жояды» (Баласағұн, 2004: 31), – деп тіл адам өмірінің басы мен аяғы болатынын

дәлелдейтін онтостық парадигманы меңзейді. Ал Ескелді бидің Сабалаққа (Абылайға) ыммен айтқан ақылының бір нұсқасында «...тілін шығарып, қолын бұлғаған» екен. Осы бір ыммен көрсетілген ақылдың мағынасы: «...Бірақ тіліңе ие бол, ешкімге тіл тигізбе дегені» (Исмаилов, 1996: 31), – деп таратылыпты. М. Қашқаридың: «Тіл – тәрбиелілік пен қайырымдылықтың басы» (Шаймерденұлы, 2008: 28), – дегені содан болатыны анық. Бұдан адамның амандығы – тілін жіті бақылауда ұстауында дейтін моральдық концепция келіп шығады. Бұл адамның сөзді талғай білуі мен әдепті сөйлеуі – оның тәрбиелілігі мен имандылығының өлшемі болатынына назар аударады. Қоғамдық ортада адамның мәдениеттілігі, өресі көбіне оның сөйлеуінен көрінеді. М. Қашқари әдептіліктің алуан түрін жырлай келіп, солардың ішіндегі ең бастысы – тіл әдептілігі деген түйін жасайды. «Тау мен тасты су бұзады, адамзатты сөз бұзады» деген ауыздан шыққан әр лебізге жауапкершілікпен қараған бабаларымыз сөйлеген сөзіміздің түпкі нәтижесі шынайылықтың мәнінен құралғанын қалаған. Бір ауыз сөз бәрін өзгертеді, «андап сөйлемеген ауырмай өледі», – деген халық мәтелі осыдан туындаса керек. Ш. Құдайбердіұлы өзінің тағы бір нақыл сөзінде: «Тегіс тексер сөз көрсең сыр мен сынын, түзетуге именбе – тапсаң мінің» (Құдайбердіұлы, 2008: 92), – деп бекер айтпаған. Бұның астарында, егер сөзді өзің жөнімен дұрыс қолдана алсаң, өзгелерге де үйретуге жалықпа дейтін нұсқау жатқаны анық. «Қашанда халықтың өткен тарихы мен рухани мәдени құндылықтарын, жалпы адам баласының жасаған алуан түрлі рухани мәдениет үлгілерін оның тілі мен жазба ескерткіштерінсіз толық тану да, түсіну де мүмкін емес» (Рыскиева, 2017: 33). Айтарымыз егер сен бір рет сөзіңді дұрыстай алмасаң, екінші ретте солай болады, дәл осылай бұл әдетіңе айналады, ал сенің әр айтқан сөзің сенің мінезің, ал сенің мінезіңнен адамдығың көрінетінін ұмытпаған жөн. Бауыржан Момышұлының айтуынша, «Тіл дегеніміз – қай халықтың болмасын кешегі, бүгінгі ғана емес, бүрсүгінгі де тағдыры» (Зәңгіров, 2015: 125). Сондықтан «Адам баласын заман өсіреді» (Шаймерденұлы, 2008: 106), – деп Абай айтпақшы тәрбиенің басы болатын тілдік әдепті дамыту мен жетілдіру ісі келешекке қызмет жасамақ.

Қорытынды

Мақаланы қорытындылай келе ойымызды төмендегідей тұжырымдарға топтастыруға болады. Біріншіден, тілдің моральдық феномен болатыны, оның антропогендік мәнінде деуге болады. Екіншіден, тіл адамның онтогендік болмысы. Үшіншіден тіл – адамның ерік-қалауын айқындайтын және соның бағыт-бағдарымен жұмсалатын үдеріс. Төртіншіден, тіл – субъектінің іс-әрекеттік өңірін, оның экзистенциялық өмірін құраушы континуум. Бесіншіден, тіл адамның мінездік әрекетінің көрініс табу аясы. Алтыншыдан, тіл – адамның эмоциялық жай-күйін білдіретін сипаттық қасиет. Жетіншіден, міне, сондықтан тілден жақсы да, жаман да сөз шығуы заңды құбылыс болады. Сегізіншіден, тіл әдептік құбылыс санатына жатқызылады. Тоғызыншыдан, тілді сөйлеудің әдептік нормаларына бағындыру қажеттігі туындайды. Оныншыдан, адамның тілдік мінезі әр кезде өзінің әлеуетті өзектілік жағдайда болатынын дәлелдей түседі. Сонымен, жоғарыда көрсетілгендер әр қоғамның күнтәртінде болып, тәрбиелік маңызға ие болатын константтар қатарында бола береді. Осы тұрғыда аталмыш мақала қоғамдағы тілдік мінездің моральдық қырларын ғылыми тұрғыда зерттеуге жол ашады деп айтуға болады. Адамдар арасындағы қарым-қатынаста сыпайылық, кішіпейілділік пен адамгершілік қасиеттер тіл арқылы көрініс табады. Сөйлеуші жақтың тыңдаушыға деген құрмет-қадірінің қаншалықты дәрежеде екені де сөз жұмсалым арқылы беріледі. Тіл мәдениетіне барар жолдың бастауы – әдеппен сөйлей білу. Сондықтан, тіл – талас, тартыс құралы емес, тіл – бірлік пен ынтымақ, адамгершілік пен ізгілік әдеби құралы болғаны маңызды. Әдепті тіл, сыпайы сөйлеу ежелден бері жеке адамның, қоғамның ой-санасын дамытып, жетілдіруде аса маңызды рөл атқарады. Мәселен, А. Байтұрсынұлы: «Тіл – адамның адамдық бейнесінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі» (Зәңгіров, 2015: 35), – десе, Темірбек Жүргенов: «Тіл – адамның дүниетанымы дәрежесін көрсетіп қоймай, оның адам болып қалыптасуында да үлкен рөл атқарады» (Зәңгіров, 2015: 67), – деп түйіндейді. М. Қашқаридың сөзімен айтқанда, «Дүниеде өткір тіл мен жақсы сөзден баянды нәрсе жоқ» (Түркістан газеті, 24.12. 2015), – деп айтқымыз келеді.

Әдебиеттер

- Алаштың» тілдік мұрасы: Мақалалар жинағы. (2009) / құраст. С. Шүкірұлы, Е. Тлешов. – Алматы: «КИЕ» лингвоелтануинновациялық орталығы». – 364 б.
- Алаш ұлағаты. – Алматы, 2017. – 224 б.
- Әбу Насыр әл-Фараби. (2007) 10 томдық шығармалар жинағы. 4-том. Әлеуметтік философия. Этика. Эстетика. – Астана: «Логос – Астана». – 296 б.
- Бабалар сөзі – даналық көзі. (1996) / құраст. О. Исмаилов. – Алматы: Білім. – 186 б.
- Бабалар сөзі: Жүзтомдық. (2010) – Алматы: «Фолиант». – Т. 57: Тарихи жырлар. – 408 б.
- Баласағұн Ж. (2004) Құтты білік. – Түркістан: Тұран баспаханасы. – 555 б.
- Bertrand Russell. (2004) History of Western Philosophy. – London: Routledge. – 792 p.
- Иасауи Қ.А. (1993) Диуани хикмет (Ақыл кітабы) / жинақты баспаға әзірлеп, қазақшаға аударғандар: М. Жармұхамедұлы, С. Дәуітұлы, М. Шафиғи. – Алматы: «Мұраттас» ғылыми-зерттеу және баспа орталығы. – 262 б.
- Имам Ағзам Әбу Ханифа Нұғман ибн Сабит. (2000) Фихрул әкбәр / түркіге тәржімалаған және таузіх жазған Сайид Махмуд ат Тарази; баспаға дайындаған Дайрабай Серікбайұлы. – Алматы. – 145 б.
- Қазақ афоризмдері: қазақ афористикасы: бағзыдан – бүгінге дейін / құраст. Е. Шаймерденұлы. (2008) – Алматы: Алматыкітап. – 304 б.
- Қазақ би-шешендері: танымдық жинақ / құраст. Серікқазы Қорабай. (2016) – Алматы: «Айғаным» баспа үйі. – 204 б.
- Қайқаус. Қабуснама / өзб. тілінен ауд. және алғы сөзін жазған Т. Айнабеков. (1992) – Алматы: Балауса. – 160 б.
- Қашқари М. (1993) Түбі бір түркі тілі (Диуани луғат ат-түрік). – Алматы: Ана тілі. – 192 б.
- Құдайбердіұлы Ш. (1988) Шығармалары / құраст. М. Жармұхамедов, С. Дәуітов [А. Құдайбердиев.] – Алматы: Жазушы. – 500 б.
- Құдайбердіұлы Ш. (2008) Шығармаларының үш томдық жинағы. – Алматы: Халықаралық Абай клубы. – Т. 1: Өлеңдер. – 408 б.
- Керек дерек // Алматы ақшамы. – №19(5526). 13.02.2018.
- Мұхиддин Әбу Зәкәрия Яхия ибн Шәрәф ибн Мурри. (2014), Хадистер жинағы (риядус-салихин). – Алматы: «Көкжиек» баспасы. – 656 б.
- Негимов С. (1997) Шешендік өнер. – Алматы: Ана тілі. – 208 б.
- Раев Д.С. (2011) Қазақ шешендігі философиясы: Оқу құралы. – Алматы: Қарасай. – 264 б.
- Сағындықұлы Б. (1997) Ғаламның ғажайып сырлары. – Алматы: Ғылым. – 269 б.
- Тарихи тұлғалар. Танымдық-көпшілік басылым / құраст. А. Тоғысбаев, А. Сужикова. (2006) – Алматы: «Алматыкітап». – 376 б.
- Түркістан газеті. – № 51 (1117). 24.12.2015.
- Ұлт рухы: қанатты сөздер / Е. Зәңгіров. (2015) – Алматы: «Ана-б». – 160 б.
- Философиялық энциклопедиялық сөздік. (2013) – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты. – 527 б.
- Remi Hess. (1998), *Vingt-cinq livres clé de la philosophie*, Bruxelles, Marabout, seconde édition – 380 p.
- Anthony John Patrick Kenny. (2008), *A New History of Western Philosophy (In Four Volumes)*, Vol. 4. *Philosophy in the Modern World*. Published in the United States by Oxford University Press Inc., New York. – 364 p.
- Рыскиева А.Ә. (2017) Дәстүрлі түрік дүниетанымының рәміздік универсумы: монография. – Алматы: Қазақ университеті. – 192 б.

References

- Alashtyń» tildik murasy: Maqalalar jinaǵy (Linguistic heritage of «Alash»: Collection of articles). / qurast. S. Shúkiryly, E. Tleshov. (2009). – Almaty: «KIE» lingvoeltanýinnovasialyq ortalyǵy». – 364 b.
- Alash ulagaty. – Almaty, 2017. – 224 b.
- Áby Nasyr ál-Farabi. (2007), 10 tomdyq shyǵarmalar jinaǵy. 4-tom. Áleymettik filosofia. Etika. Estetika (A collection of works in 10 volumes. Volume 4 Social philosophy. Ethics. Aesthetics). – Astana: «Logos – Astana». – 296 b.
- Babalar sózi – danalyq kózi (Ancestors' words are a source of wisdom) / qurast. O. Ismailov. (1996), – Almaty: Bilim. – 186 b.
- Babalar sózi: Júztomdyq (Words of ancestors). (2010), – Almaty: «Foliant»,. – T. 57: Tarih jyrlyr. – 408 b.
- Balasaǵun J. (2004), Qutty bilik (Wisdom of Royal Glory). – Túrkiстан: Turan baspahanasy. – 555 b.
- Bertrand Russell. (2004), History of Western Philosophy. – London: Routledge. – 792 p.
- Iasaýı Q.A. (1993), Dıyáni hikmet (Book of Wisdom) / jinaqty baspaǵa ázirlep, qazaqshaǵa aýdarǵandar: M. Jarjuhameduly, S. Dáýıtuly, M. Shafıǵı. – Almaty: «Murattas» ǵylymy-zertteý jáne baspa ortalyǵy. – 262 b.
- Imam Aǵzam Áby Hanıfa Nuǵman ibn Sabit. (2000), Fıqhıl ákbár / túrkige tárjimalaǵan jáne taýızlı jazǵan Saıd Mahmýd at Tarazi, baspaǵa dayındaǵan Darabai Serikbaıuly. – Almaty. – 145 b.
- Qazaq aforızmderi: qazaq aforistikasy: baǵzydan – búginge deini (Kazakh aphorisms: Kazakh aphorisms: from ancient times to the present day) / qurast. E. Shamerdenuly. (2008). – Almaty: Almatykitap. – 304 b.
- Qazaq bi-sheshenderi: tanymdyq jinaq (Kazakh biys and speakers) / qurast. Serikqazy Qorabai. (2016). – Almaty: «Aıǵanym» baspa úii. – 204 b.
- Qaiqaýs. Qabysonama / ózb. tilinen aýd. jáne alǵy sózin jazǵan T. Ainabekov. (1992). – Almaty: Balaýsa. – 160 b.
- Qashqarı M. (1993). Túbi bir túrki tili (Dıwán Lughāt al-Turk – «Compendium of the languages of the Turks»). – Almaty: Ana tili. – 192 b.
- Qudaiberdiuly Sh. (1988), Shyǵarmalary (Essays) / qurast. M. Jarjuhamedov, S. Dáýıtov [A. Qudaiberdiev.] – Almaty: Jazyshy. – 500 b.

- Qudaiberdiuly Sh. (2008), *Shyǵarmalarynyń úsh tomdyq jınaǵy* (Collected works in 3 volumes). – Almaty: Halyqaralyq Abai klýby. – T. 1: Óleńder. – 408 b.
- Kerek derek // Almaty aqshamy. – №19(5526). 13.02.2018.
- Muhiddin Ábý Zákaria Iahia ibn Sháraf ibn Mýrri. (2014), *Hadister jınaǵy (riadýs-salihin)* (Collection of Hadiths (Riyadus-Salihin)). – Almaty: «Kókjiek» baspasy. – 656 b.
- Negimov S. (1997), *Sheshendik óner* (Oratory). – Almaty: Ana tili. – 208 b.
- Raev D.S. (2011), *Qazaq sheshendigi filosofiasy* (Philosophy of Kazakh oratory): Oqý quraly. – Almaty: Qarasaı. – 264 b.
- Saǵyndyquly B. (1997), *Galamnıń ǵajayıp syrlary* (The Amazing Secrets of the Universe). – Almaty: Gylym., – 269 b.
- Tarihi tulǵalar. Tanymdyq-kópshilik basylım (Historical figures) / qurast. A. Togysbaev, A. Sýjkova. (2006). – Almaty: «Almatykitap». – 376 b.
- Türkistan gazetı. – № 51 (1117). 24.12.2015.
- Ult rýhy: qanatty sózder (Spirit of the nation: winged words) / E.Zángirov. (2015). – Almaty: «Arna-b». – 160 b.
- Filosofialyq ensiklopedialyq sózdik (Philosophical encyclopedic dictionary). (2013). – Almaty: QR BGM GK Filosofia, saıasattaný jáne dintanı instıtúty. – 527 b.
- Remi Hess. (1998), *Vingt-cinq livres clé de la philosophie*, Bruxelles, Marabout, seconde édition – 380 p.
- Anthony John Patrick Kenny. (2008), *A New History of Western Philosophy* (In Four Volumes), Vol. 4. *Philosophy in the Modern World*. Published in the United States by Oxford University Press Inc., New York. – 364 p.
- Ryskieva A.Á. (2017), *Dástúrli túrik dúnietanymynyń rámisdik ýniversımy* (Symbolic Universe of Traditional Turkic Worldview). – Almaty: Qazaq ýniversiteti. – 192 b.